

А.Ж. Баймуханова
Ж.Е. Абдыхалыкова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
(E-mail: aizhan_baimukhanova@mail.ru, zhazkenti@mail.ru)

Жалпы орта мектептегі жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу мен болдырмаудағы педагогтің рөлі

Аңдатпа. Аңдатпа. Жалпы орта мектептегі буллинг қазіргі әлемде маңызды әлеуметтік-педагогикалық проблема ретінде қарастырылады. Буллингтің алдын алу және оның зардаптарын азайту білім беру ұйымының басты міндеті. Буллинг мектеп өмірінің әртүрлі салаларына, яғни жалпы оқушылар мен мұғалімдердің қауіпсіздік сезіміне, физикалық және психологиялық денсаулыққа, іс-шаралардың сапасы мен тиімділігіне, жалпы мектеп өмірінің мәдениетіне әсер етеді. Мектептегі буллинг дер кезінде тоқтатылмаса, ол балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқының элементіне айналып, олардың кейінгі өмірінде бірге жүруі мүмкін. Педагогтің буллинге назар аударуы, тікелей буллинг деңгейін төмендеуіне әсер етеді.

Бұл мақалада буллинг мәселесін шешудегі және алдын-алудағы педагогтің негізгі рөлі айқындалады. Оқушылар арасындағы кездесетін буллингті мұғалімдердің қабылдау ерекшеліктері сипатталады. Жалпы орта мектептегі буллинг жағдайына мұғалімнің араласуының қаншалықты әсері бар екендігі көрсетіледі. Педагогтерде буллингті тануда, оған тиімді жауап беруде, сондай-ақ буллинг жағдайында жеке ұстанымда қиындықтардың кездесетіні анықталады.

Мақалада жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу мен болдырмаудағы педагогтің рөлін анықтау бойынша алдынгы қатарлы шетелдік және отандық зерттеулерге шолу жасалады. Қазақстан және басқа елдердегі білім беру ұйымдарында буллингтің таралуы туралы статистикалық мәліметтер қамтылды.

Түйін сөздер: буллинг, жасөспірім, педагог, педагогтің құзыреттілігі, буллингтің алдын-алу.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-163-173>

Кіріспе

Кез-келген зорлық-зомбылықтың алғышарты – ол адамға деген құрметтің болмауы. Мектеп қабырғасында оқушының жеке әлеуетін толық дамыту және іске асыру белгілі бір жағдайларда ғана мүмкін болады. Бұл жерде тұлғааралық қарым-қатынас сапасына және білім беру ортасындағы психологиялық қауіпсіздікке назар аударған жөн. Қазіргі өмірлік контекст зорлық-зомбылық құбылыстарын

оқыту мен тәрбиелеу процестерінен жоққа шығармайды. Осыған байланысты білім беру ортасындағы зорлық-зомбылық феноменін, оның шығу тегін, нысандары мен себептерін зерттеу қажет, себебі ол білім беру ортасының қауіпсіздігін бұзып, білім беру процесіндегі субъектілер арасындағы тұлғааралық қатынастарды құруға және білім алушы тұлғасының дамуына теріс әсер етуі мүмкін.

Білім беру ортасында буллингтің таралуына байланысты, педагогтердің осы құбылысты

анықтауы және олардың буллинг жағдайларына назар аударуы көптеген мәселенің шешімін табуға септігін тигізеді [1]. Мектептегі буллинг жағдайларының алдын-алу мен шешудегі басты тұлғалардың бірі – педагог, оның ұстанымы мектептегі буллингтің алдын-алуға әсері бар. Педагог буллинг жағдайларын тани алады, оның алдын-алу және туындаған жағдайларды шешу үшін шаралар қолдана алады. Ол сонымен қатар оқушылар үшін негізгі рөлдік модель болып табылады және оның реакциясы балалардың мінез-құлқы мен буллинг жағдайында ересектерге деген сенімін анықтайды. Алайда, қазіргі уақытта педагогтерде қорқытуды тануда, оған тиімді жауап беруде, сондай-ақ буллинг жағдайында жеке ұстанымда қиындықтар бар. Педагогтің рөлі сыныптағы қорлау мен құрбандықты төмендететін көптеген іс-әрекеттерді ұсынатын антибуллингтік бағдарламалар аясында түсіндіріледі. Буллинг деңгейін төмендету үшін мұғалімнің бағытын қолданудың мысалы ретінде тиімді антибуллингтік бағдарламалар қолданылуда.

Зерттеудің негізгі мақсаты жалпы орта мектептегі оқушылар арасындағы буллинг жағдайына мұғалімдердің әсерін айқындау.

Негізгі бөлім

Жасөспірімдердің қатыгездігі – әлем елдерінде өзекті болып келе жатқан тақырып. Жыл сайын жасөспірімдер арасында қатыгездіктің жағдайлары жиі тіркеледі. Көбінесе ұлдар мен қыздардың әрекеттері түсініксіз, сондықтан олар ақылға қонымды емес. Жасөспірімдердің қатыгездігінің себептері бүкіл қоғамның өмірінде жатыр. Ол қолайсыз отбасылар, жасөспірім өмір сүретін ортасы, мектептегі қарым-қатынас, БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары) т.б болып табылады. Бұл себептер жасөспірімдердің қатыгездігінің қалыптасуындағы негізгі себептер болып табылады. Мұның бәрі балалар арасындағы зорлық-зомбылықтың өсуіне әкеледі. Іс жүзінде әр сыныпта келеке-мазақ пен ашық қорлаудың объектісіне айналатын оқушылар бар. Ең бастысы, мәселең кез-келген адам «құрбанға» айналуы мүмкін.

Буллинг мәселесі тек қана әлем елдерінде ғана емес, сонымен қатар қазіргі таңда біздің елімізде кездеседі.

Қазақстанда Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Қоғамдық денсаулық сақтау орталығы статистика жүргізген. Олардың мәліметінше, Қазақстанда 11-15 жас аралығындағы жасөспірім буллинг құрбаны немесе қатысушысы болады екен. Қазақстан Республикасында буллинг туралы ғылыми зерттеулер толыққанды жүргізілмеген. Бірақ та мемлекет бұл мәселенің өзектігін мойындап отыр. 2020 жылдың 1-ші қыркүйегінде, Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, адам құқығын қорғау бойынша басымды шараларды атап өтті, әсіресе балалар құқығын қорғау және соның ішінде кибербуллингтен қорғау қажеттігін көрсетті [2]. Сонымен қатар өткен жылы «Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысы шыққан болатын. Онда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу, олардың арасындағы суицид, құқық бұзушылықтар (буллинг) мәселелері бойынша, бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын және білім беру органдары мен ұйымдарын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша БҒМ-нің құзыретін кеңейту бөлігінде қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірленетін болады. Сондай-ақ, 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасына ауылдық және қалалық жерлердегі балалар мен жастарға арналған адам құқықтары, буллингке қарсы семинарлар сериясын өткізу, ЖОО мен колледждерге «Буллинг және балалар қауіпсіздігі», «Балалар девиациясы, эмоциялық интеллект және психикалық денсаулық» модульдері мен тақырыптарын енгізу және 8-11 сынып оқушылары мен колледждердің 1-2 курс студенттеріне

арналған «Тұлғаның өзін-өзі дамыту психологиясы», «Саналы қарым-қатынас: отбасында, мектепте, қоғамда тиімді коммуникация дағдылары», Street Law: барлығына арналған адам құқығы және балаларды зорлық-зомбылықтан және буллингтен қорғау» атты сынып сағаттарын ұйымдастыру және өткізу жөнінде ұсыныстар енгізіледі [3].

ЮНИСЕФ-тің мәліметі бойынша, әлем бойынша 150 миллионға жуық қандайда бір мектеп қабырғасында немесе тысқары жерлерде буллингтің қандай да бір түрінен зардап шеккен екен. Қазақстандағы ЮНИСЕФ деректері бойынша балалардың 66% - ы мектептегі буллингке тап болады, 44% - ы мектептегі буллингтің құрбаны болды, 24% - ы мектептегі басқа балаларға қатысты зорлық-зомбылықпен кемсітушілік актілерін жасады. Сонымен қатар Қазақстандағы ЮНИСЕФ зерттеуі бойынша, мектеп қабырғасында қорлауға тап болған және қысым көрген балалар өзіне-өзі қол жұмсауға бейім болатындығын көрсетеді [4].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеуіне сәйкес, литвалық 64%-ы, ресейлік 50% – ы, бельгиялық 46% – ы оқушылар буллингке ұшырайды екен. Ал Австрия, Люксембург және Шотландияда бұл көрсеткіш 32% – ға, Канада мен Швейцарияда – 30% - ға, Францияда-25% - ға тең [5].

Шетелде буллинг мәселесін Olweus D [6], Besag V.[7], Агога С.М. [8], Хазье Р [9]; Rigby K. [10]Квак К [11] және т. б. сияқты авторлар қарастырған болатын.

Буллинг және оның алдын-алу бойынша алғашқы ауқымды зерттеулерді 1970 жылы Дэн Олвеус әріптестерімен бірге жүргізген болатын. Ол буллингті зорлық-зомбылықтың ерекше түрі ретінде сипаттайды. Онда бір адам (немесе топ) физикалық күш көрсетеді немесе басқа адамға (топқа) қауіп төндіреді. Бұл құбылыста қысым көрген адам өзін физикалық жағынан да, моральдық жағынан да қорғай алмайды [6].

Қазақстанда балалар арасындағы зорлық-зомбылық және девиация жағдайындағы зорлық-зомбылық мәселесі және қиын жасөспірімдер мен жетім балалар өміріндегі

зардаптар туралы Г.А. Дусманбетов, Х.Т. Шерязданова [12], А. Ақжанова [13] және А.К. Байдрахманова [14] және басқада ғалымдар қарастырған болатын.

Енді буллинг туралы тұжырымдамаға тоқталайық. Жалпы буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалау дегенді білдіреді. Буллинг жасаушы мұны күшпен де, сөзбен кемсіту арқылы да жасайды, сонымен қатар әрі бұл әрекетін жиі қайталауы мүмкін.

Жалпы алғанда, буллинг төрт негізгі компоненттен тұрады:

1. бұл агрессивті және теріс мінез-құлық;
2. ол үнемі жүзеге асырылады;
3. бұл қатысушылар тең емес күшке ие қарым-қатынаста болады;
4. бұл әрекет қасақана жасалынады.

Қоғамда “буллинг мектеп оқушылары арасында ғана болады” деген түсінік қалыптасқан. Шын мәнінде, кез келген жастағы адам үйде, көшеде, жұмыста және оқу орнында, қысқасы, барлық жерде буллингпен ұшырасуы мүмкін.

Жалпы алғанда, буллингтің төрт түрі бар. Олар жеке дара бөлек кездесуі мүмкін, сонымен бірге олар біріге өзара әрекеттесе алады.

1. Физикалық қорлау. Буллингтің бұл түріне ұрып-соғу, тепкілеу, құқықтарды бұзу, адамның мүлкін бұзу немесе бүлдіру жатады. Қорлаудың бұл түрі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді моральдық және физикалық зиян келтіреді.

2. Вербалды немесе ауызша қорлау. Басқаша айтқанда, сөзбен мазақ ету. Ол келемеждеу, қорлау, мазақ ету, қорқыту, гомофобиялық және нәсілшіл байланысты ауызша қорлау тұрады.

3. Топтық буллинг. Кейде жасырын буллинг деп аталатын әлеуметтік қорлауды тану қиынға соғады және оны көбінесе жәбірленушіге белгілі бір адамдар тобы қысым көрсетеді. Қорқытудың бұл түрі біреудің әлеуметтік беделіне нұқсан келтіреді.

3. Кибербуллинг. Буллингтің жаңа түрі болып табылады. Кибербуллинг - Интернетті пайдалану арқылы басқа адамды қорқыту немесе қорлау мақсатында жасалатын әрекет-

тер, әсіресе оған зиянды хабарламалар жіберу.

Негізгі буллинг процесінде үш тарап қатысады:

- «Буллер» немесе «агрессор» – зиян келтіретін адам;
- «Жәбірленуші» немесе «құрбан» – зардап шегуші адам;
- «Куәгер» – бәрі бақылайтын адам;

Мектептегі «мұғалім-оқушы» және «оқушы-оқушы» жүйесінің өзара байланыс сапасына оқушы емес мұғалім жауап береді. Білім беру жүйесіндегі субъектілердің өзара қарым-қатынасы тікелей оқушы тұлғасының эмоционалдық жағдайына әсер етеді. Сондықтан мектептердегі буллингтің алдын алу жұмысы сауатты түрде дұрыс ұйымдастырылған түрде жүргізілу қажет. Буллингті болдырмау немесе азайтудың бір жолы – ол болашақ педагог-психологтерді, жалпы мұғалімдерді даярлау барысында қолға алынса, әрине онда оның негізгі нәтижесі буллингтің кез-келген түрлерін туындататын факторларды жою немесе азайту арқылы оқушыларға қауіпсіз ортаны қамтамасыз етуге болады.

Джина Юн және Шери Бауман пікірінше, мұғалім сыныптағы буллингті басқаруда маңызды рөл атқарады [15]. Бірақ өкінішке орай, буллингпен қалай жұмыс жасау керектігін көптеген оқытушылар біле бермейді және бұл ЖОО оқу барысында игерілмегендігін дәлелдейді. Заманауи форматағы психологтер мен педагогтер буллинг құбылыстарымен жұмыс істей алуы үшін университет қабырғасында сапалы дайындық қажет. ЖОО-да оқыту тиімділігінің критерийлерінің бірі жалпы және кәсіби құзыреттілік болып табылады. Яғни, педагог-психолог буллингтің алдын алуға қарсы тиімді әрекет етуі қажет. Педагог-психологтарды даярлаудың университеттік жүйесінде буллингтің алдын-алу бойынша білімді қалыптастыратын болсақ, алдыңғы уақытта көптеген түйіткіл мәселенің алдын алатын едік. Себебі, буллингтің жағымсыз салдары өте көп екені мәлім. Буллинг бір реттік емес, жүйелі түрде болатын құбылыс. Яғни, мектеп қабырғасыда буллингке ұшы-

раған бала психологиялық тұрғыдан жарақат алады және ол оның салдары өмір бойына қалуы мүмкін.

Кочендерфер-Ладд және Пеллетье пайымдауынша, кейбір мұғалімдер буллинг балаларға әлеуметтік нормаларды білуге көмектесетін нормативті мінез-құлық деп санайды [16] және араласудың қажеті жоқ деп есептейді. Басқа жағдайларда, олар араласпайды, өйткені олар жәбірленушіге деген жанашырлықты сезінбейді (Yoon and Kerber) [17]. Сонымен қатар, мұғалімдер ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмайтындықтарын сезінген кезде буллинг жағдайларына араласуы екіталай (Dedousis-Wallace және т.б.) [18].

Мұғалімдердің буллингке реакциясы әртүрлі, оның ішінде жәбірленушіге, бұзақыларға немесе топқа бағытталған әртүрлі стратегиялары бар. Зайдель мен Эртель мұғалімдер қолданатын үш түрлі стратегияны бөліп көрсетті. Біріншіден, олар көбіне мұғалімдер қолданатын авторитарлы-жазалау стратегияларын (мысалы, қоқан-лоққы, тәртіп, алып тастау) тізімдейді. Алайда, олар білім алушыларға кереметтей әсер етуі екі талай. Өйткені әлеуметтік мінез-құлықты өзгерту үшін дұрыс модель ұсынылмайды. Мұғалімдер қолданатын тағы бір стратегия құрбандар мен бұзақыларға жекелей көмек көрсету, оларды эмоционалды қолдау және зорлық-зомбылық құрбаны болған білімалушыға деген мейірімділікті арттыру болып табылады. Үшінші стратегия сыныптағы барлық оқушыларды тарта отырып, олардың ынтымақтастығын дамытуға және ата-аналардың және басқа мамандардың қолдауымен сыныптағы және мектеп деңгейіндегі іс-әрекеттерді айқындайтын қолдау-ынтымақтастық әрекеттерін қамтиды. Бұл қорқыту деңгейіне де, оқушылардың білім беру ортасындағы ересектерге деген сенім деңгейіне де әсер етеді.

Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, кейде буллинг болған жағдайда мұғалімдер араласпайды (Юн, Кербер, Бауман, Дель Рио, Дивеха және т.б.) және мұның себептері әртүрлі болуы ықтимал. Олар буллинг құбылысы туралы жай білмеуі мүмкін. Мұғалімдердің жеке көзқарастарындағы айырмашылықта-

ры, олардың мектептегі бұзақылыққа қалай жауап беретіндігіне және қалай әрекет ететіндігіне әсер етеді. Егер мұғалім буллингті елемесе және оған араласпаса, онда оқушылар ондай әрекеттерді қалыпты деп қабылдап, агрессивті мінез-құлық көбейеді (Хьюсманн, Бургер, Вахс және т.б.). Буллинктің құрбаны болған оқушылар болашақта буллинг туралы хабарлаудан тартынуы мүмкін, ал бұзақылықты байқаған студенттер араласуға немесе көмек сұрауға онша құлшыныс сезінбеуі мүмкін (Хьюсманн, Бургер, Вахс және басқалар). Мұғалімдер араласып, буллингті тоқтатқан кезде, оқушылар бұзақылыққа жол берілмейді, яғни мұндай мінез-құлықты құптамайды. Сонымен қатар, мұғалім жеке араласу арқылы мектепте осындай буллинг құбылысын ешқандай ақтауға жол берілмейтіндігін көрсетеді (Veenstra және т.б., 2014; Oldenburg және т.б., 2015; Saarento және т.б., 2015). Екінші жағынан, мұғалімдердің араласпауы әдетте мұндай мінез-құлықты құптаған деп қабылдап, нәтижесінде оқушылар оны қалыпты деп жіктейді (Campraert және т.б., 2017).

Мұғалім буллингке назар аударғаның өзі, буллинг деңгейіне және оқушылардың мектептегі ересектерге деген сенім деңгейіне де әсер етеді. Буллинг құбылысын мұғалім біржақты мойындаған жағдайда да, оған деген реакциялары жеке тұрмыстық тәжірибеге, студенттер туралы қалыптасқан идеяларға және басқа субъективті факторларға байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін [19]. Мәселен, Ю. Хайдараж көптеген мұғалімдер көбінесе олар көз алдындағы буллингке назар аудармайтын дәлелдерді келтіреді. Сондай-ақ, көп жағдайда балаларға болған жағдайды өз бетінше шешуге реттеуді ұсынады. Мұғалімдер көбінесе буллерден кешірім сұрату арқылы өз жұмысының жеткілікті нәтижесі деп санайды. Жұмыстың басқа тәсілдері ретінде мұғалімдер сыныптағы пікірталастарды, сондай-ақ буллингке қатысқан қатысушылармен жеке әңгімелесуді белсенді қолданады. Осы жағдайларды шешу үшін мұғалімдер, мектеп әкімшілігі мен оқушылардың ата-аналарын тартуға тырысады. Сондай-ақ, мұғалімдер, әдетте, буллинктің бастамашыларын анықтауға

қызығушылық танытады, ал буллингке ұшыраған балалар көбінесе назардан тыс қалып, олармен жұмыс жасалынбай жатады [20].

Мұғалімдер тек физикалық қорқытуды сенімді түрде мойындайды және тоқтатуға дайын, ал ауызша және әлеуметтік жанама қорқыту олардың назарынан тыс қалады [21; 22].

Білім беру ортасында буллинктің барлық түрлері кездесуі мүмкін. Бірақ мұғалімдер кездесетін буллинг көріністеріне әр түрлі жауап береді. Байқап отырғандай, мұғалімдердің реакциясы буллинг жағдайын тоқтатуға немесе алдын-алуға ықпал етеді. Буллингті тандудың ерекшеліктері мен жылдамдығы және оған мұғалімдердің реакциясы оқушылардың бір-біріне және қорқыту жағдайларына деген көзқарасына әсер етеді. Мәселен, М. Дж. Боултон мұғалімдердің буллингті уақыттылы танып, оны жеңуге тырысқан шешімдері балалардың осындай жағдайларға қалай әрекет ететіндеріне әсер етеді деп санайды. Сонымен қатар, егер мұғалім уақыттылы осы жағдайда дұрыс әрекет ететін болса, онда бала ересектерге сенімі артып, олардың қолдауына жүгіне алады [23].

Қазіргі уақытта буллингке кез-келген ортада кез-келген адам тап мүмкін. Буллинг және соған байланысты жеке және топтық бейімделудің проблемалары қазіргі қоғамда айқын және кең таралуда. Психологтер мен педагогтер өздерінің кәсіби қызметінде үнемі буллингпен бетпе-бет келіп жатады.

Мұғалімдер оқушыларға қысым көрсетумен қалай күресуге болатынын білім алушыларға үйретуге тырысады, бірақ балалар өз тарапынан әрекет танытпайды. Яғни оқытушының істеген әрекеттері жұмыс жасамайды дегенді білдіреді. Мектепте кейбір оқушылар буллингтен зардап шегіп жатады. Мектептегі қоршаған ортаны қауіпсіз ету мұғалімдердің міндеті. Мұғалімдер барлық оқушылар үшін қауіпсіз кеңістікті қамтамасыз ету үшін өз сыныптарында өте көп жұмыс істеуі керек.

Сонымен, егер мұғалімдер қорқыту жағдайларын елемейтін болса немесе тиімсіз

әрекет етсе, студенттер көмек сұрауға бейім емес. С. Харрис пен В. Уиллоби АҚШ-та мектеп оқушыларының тек 4% - ы мұғалімдерге немесе мектеп әкімшілігіне қорлауды бастан өткергендерін айтады, ал оқушылардың тек 25% - ы ересектер қорқытуды тоқтатуға мүдделі деп санайды. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың 43% - ы мектеп қызметкерлері буллингті тоқтатуға қызығушылық танытатынын білмейді, ал 14% - ы буллингті тоқтатуға мектеп мүдделі емес екеніне сенімді [18,864-8756].

Бауман мен Херли (2005) жүргізген зерттеуі бойынша, мұғалімдердің тек 18% -ы қорқыту оқиғаларына араласқанын анықтады. Бұл дегеніміз, 82% -ында мұғалім мән бермейді немесе жағдайға араласу керек деп ойламайды. Бауман мен Херли сонымен қатар «тоғызыншы сынып оқушыларының тек 35% -ы мұғалімдерін бұзақылықтың алдын алуға мүдделі десе, ал тек 25% -ы әкімшілерді алаңдататынын жеткізген. Бауман мен Херли «мұғалімдердің бұзақылықты қабылдауы туралы аз ғана зерттеулер бар» деп мәлімдейді. Шамалы зерттеулердің көпшілігі мұғалімдер мен студенттердің қорқыту жиілігі мен оның қай жерде болатындығы туралы түсініктері сәйкес келмейтінін көрсетеді. (Бауман және Херли 2005, 52-бет). Мұғалімдердің бұзақылық оқиғаларға қаншалықты жиі араласатындығы туралы мұғалімдер мен оқушылар әртүрлі қабылдайды. Мишна, Скарчелло, Пеплер және Винер (2005) «оқушылардың 25% -ы мұғалімдердің әдетте зорлық-зомбылық орын алатын жағдайларға араласатындығын айтқан, мұғалімдердің 75% әдетте мұғалімдер араласады деп көрсетті» (2005, 719б.). Бұл жағдайда екі қабылдауда айырмашылық бар, бұл мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасқа жақсы әсер етпейді. Сондай-ақ, «мұғалімдердің өздерінің осындай жағдайға араласпауын, инциденттерге куә болмау және жеңіл бұзақылықты ауыр салдарсыз балалық шақтың әдеттегі мінез-құлқы деп түсіндіреді» (2005, 719 б.). Мұғалімдердің көбіне буллинг жағдайларына араласпауы студенттер мен мұғалімдер арасындағы келіспе-

ушілікті білдіреді, бұл Бауман мен Херлидің (2005) тұжырымдарына сәйкес келеді. Кейбір мұғалімдердің өздері мүмкіндігінше буллинг жағдайына араласады деп санайды, бірақ оқушылардың көзқарасы бойынша, мұғалім әрқашан араласпауы мүмкін, өйткені мұғалім сыныптағы басқа біреуге көмектесуі мүмкін немесе мұндай жағдай пайда болған кезде сыныпта мүлдем болмауы мүмкін.

Мектеп – зорлық-зомбылықтың дұрыс емес екендігін үйретуге болатын қолайлы орын. Мектеп жүйесі тиімді ұйымдасқан түрде адамдардың үлкен бөлігіне, соның ішінде жастарға, мектеп қызметкерлеріне, отбасы мүшелеріне және жергілікті қоғамдастыққа осының бәрін жеткізе алатын орта етуге болады [24; 25]. Ол үшін осы мәселені жақсы білетін білікті маман керек. Ол маман әрине университет қабырғасынан бастап осы мәселеге қанық болу керек. Кез-келген құбылыстың салдарын жоюдан гөрі, алдын алғаны орынды. Мектептердегі зорлық-зомбылықтың алдын-алу, бұл ересектердің осы мәселелерге қатысты жағымды көзқарастың қалыптасуы болып табылады.

Білім беру мекемесінде жайлы, қауіпсіз орта құру үшін педагог-психологтерді мектептегі зорлық-зомбылықтың әр түрлі формалары мен түрлерінің алдын алу бағытында ғылыми, ұйымдастырушылық және әдістемелік дайындығы маңызды екені анық. Педагог-психологтің кәсіби қызметінің маңызды міндеттерінің бірі – мектеп буллингінің пайда болу жағдайларын бейтараптандыру. Сондықтан болашақ мамандар зорлық-зомбылықтың осы түрін тудыратын объективті және субъективті детерминанттарды анықтауға үйренуі керек.

Университет оқытушылары болашақ педагог-психологтерге мектеп оқушылары арасындағы буллингтің әр түрлі көріністерін анықтау және диагностикалау үшін жеткілікті мөлшерде психологиялық-педагогикалық білімді игеруге мүмкіндік береді. Болашақ мамандар тікелей буллингті ажырата білуге үйренеді. Мысалы, бір бала екіншісінен ақша немесе затты тікелей бопсалап жатқанда және

жанама, бір топ оқушылар сыныптастары туралы қауесет сөз таратқанда қалай әрекет ететінін біледі. Сонымен қатар, студенттер бұзақылықты диагностикалаудың қиындықтары туралы біледі, өйткені буллинг көбінесе үзіліс кезінде сыныпта, дәлізде немесе асханада ғана емес, дәретханада, мектеп ауласында, үйге барар жолда немесе киберкеңістікте де болады және әдетте сыныптастар арасындағы буллинг туралы балалар ерікті түрде айта бермейді.

Сонымен қатар, болашақ педагог-психологтерді даярлау олардың бойында жоғары адамгершілік мәдениетін дамытуды, педагогикалық этика мен адамгершілік нормаларын қатаң сақтауға деген көзқарасты, әр баланың тағдырына немқұрайлы қарамауды және әлсіз және қорғансызға қарсы агрессияның кез-келген жағдайы назардан тыс қалдырмауға дайын болуды көздейді. Сонымен бірге болашақ мамандардың санасына буллинктің алдын алудың маңызды шарттары – бұл педагогтің балаларға деген жақындық дәрежесі, оқушылардың қарым-қатынасы, ұжым мүшелерінің жанашырлықтары мен антипатиялары, мектептегі қарсылас пен бәсекелес топтары және т.б. туралы білу керектігін жеткізу қажет. Мектептегі қоршаған ортаның қауіпсіздігін жақсартуда, мектеп буллингінің алдын алудың тиімді кешенді бағдарламаларын әзірлеуде және жүзеге асыруда – болашақ педагог-психологтерді жан-жақты ғылыми, әдістемелік, адамгершілік тұрғыда даярлау.

Қорытынды

Жалпы зерттеулер көрсеткендей, мұғалімдер жұмыс барысында буллинг жағдайымен кездесіп жатады (Юн, Кербер, Бауман, Херли және т.б.). Алайда, көбінесе оқушылар арасындағы буллинкті анықтауда және бұл жағдайда қандай шара қолдану қажет екендігін білмей жатады. Мұғалімдер ауызша және әлеуметтік қорлауды нашар біледі, сонымен қатар құрдастар арасындағы қалыпты қарым-қатынастың бөлігі және буллинг деген не екенін түсіну үшін жиі ақпарат жетіспейді. Сондай-ақ, мұғалімнің ұстанымы оқушылардың қорлау жағдайына қалай қарайтындығын және олардың қандай да бір рөлде өзін қалай ұстайтындығын анықтайды. Буллинспен жұмыс істеуде мұғалімнің ұстанымына келесі факторлар әсер етеді: буллинг жағдайымен жұмыс жасау туралы ақпарат пен дағдылардың болмауы, мұғалімдердің жеке ерекшеліктері, сондай-ақ мұғалімнің мектептегі жұмысын ұйымдастыру. Мектеп ұжымдарындағы қарым-қатынас және буллинг туралы ақпарат алу физикалық ғана емес, ауызша және әлеуметтік жағынан да қорлауды жақсы тануға мүмкіндік береді. Буллинспен жұмыс істеу дағдылары мен алгоритмдерін қалыптастыру буллинспен жұмыс істеуге арналған құралдар жиынтығын кеңейтуге көмектеседі, сондай-ақ өзінің кәсіби ұстанымына сенімділікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Стратийчук Е.В., Чиркина Р.В. Позиция учителя в школьном буллинге // Современная зарубежная психология. – 2019. - № 3. – Т. 8. –С. 45-52.
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» 2020 жылғы 1 қыркүйек» [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (қаралған күні: 7.06. 2021).
3. Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000156> (қаралған күні: 7.06. 2021).
4. Оценка насилия в отношении детей в школах Казахстана. Учреждение Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан и Представительство ЮНИСЕФ в Казахстане при поддержке Министерства иностранных дел Норвегии. – Астана, 2013.

5. World Health Organization. Growing up unequal: gender and socioeconomic differences in young people's health and well-being // International Report from the 2013/2014 Survey. [Electronic resource]. URL: http://www.euro.who.int/__data/assets/pdf_file/0003/303438/HSBC-No7-Growing-upunequal-full-report.pdf?ua=1 (Accessed: 15.06. 2021).
6. Olweus D. (1978). Aggression in the schools. Bullies and whipping boys. Washington, D. C.: Hemisphere Press.
7. Besag V. E. (1989) Bullies and Victims in Schools. Milton Keynes: Open University Press.
8. Arora C. M. J. (1994). Measuring bullying with the life in School checklist // Patoral Care in Education. No 12, p.11-15.
9. Hazier R. J. (1996). Breaking the cycle of violence: interventions for bullying and victimization. Washington, DC: Accelerated Development.
10. Rigby K. (1997). What children tell us about bullying in schools // Child Aust. No 22, p. 28-34.
11. Kwak K., Lee C. (1999). Bullying at School: Situation and Characteristics. Seoul: A-San Foundation Press.
12. Дусманбетов Г.А., Шерязданова Х.Т. Психология деструктивных факторов процесса социализации старших подростков. Алматы: Қазақ мемлекеттік әйелдер педагогикалық университетінің баспасы, 2003. -110 с.
13. Акажанова Т. А. Девиантология. Учеб. пособие. Алматы: Зан әдебиеті, 2008.-114 б.
14. Байдрахманова А.К. Современные подходы к проблеме изучения буллинга в казахстанской школе // Учёные записки Санкт-Петербургского государственного института психологии и социальной работы. - 2015. - № 2. – Т. 24.- С.169-175.
15. Yoon, J., and Bauman, S. (2014). Teachers: a critical but overlooked component of bullying prevention and intervention. // Theory Pract. No 53, p. -308–314.
16. Kochenderfer-Ladd B., and Pelletier, M. E. (2008). Teachers' views and beliefs about bullying: influences on classroom management strategies and students' coping with peer victimization. // Sch. Psychol. No 46, p. 431–453.
17. Yoon, J. S., and Kerber, K. (2003). Bullying: elementary teachers' attitudes and intervention strategies. // Res. Educ. No 69, p. 27–35.
18. Dedousis-Wallace, A., Shute, R., Varlow, M., Murrihy, R., and Kidman, T. (2013). Predictors of teacher intervention in indirect bullying at school and outcome of a professional development presentation for teachers. // Educ. Psychol. No 34, p. 862–875.
19. Haidaraj Y. Teacher's knowledge of bullying and their anti-bullying attitude // European Journal of Social Sciences Studies. 2017. Vol. 2. No 2. P. 1–11.
20. Lester R., Maldonado N. Perceptions of Middle School Teachers about an Anti-Bullying Program. Knoxville, 2014. 26 p.
21. Bauman, S., and Del Rio, A. (2006). Preservice teachers' responses to bullying scenarios: comparing physical, verbal, and relational bullying. // Educ. Psychol. No 98, p. 219-231.
22. Bauman S., Del Rio A. Knowledge and beliefs about bullying in schools: Comparing pre-service teachers in the United States and the United Kingdom // School Psychology International. 2005. Vol. 26. No 4. P. 428-442.
23. Boulton M.J. Teachers' views on bullying: Definitions, attitudes and ability to cope // British Journal of Educational Psychology. 1997. Vol. 67. No 2. P. 223–233.
24. Teacher, peer, and self-nominations of bullies and victims of bullying / D.L. Paulk [et al.]. // Paper presented at the American Psychological Association National Conference. Boston, MA. 1999.
25. Myuller Dzh. M. Nonviolence training // Journal of Child Psychology and Psychiatry, 2005.

References

1. Stratijchuk E.V., Chirkina R.V. Poziciya uchitelya v shkol'nom bullinge [The teacher's position in school bullying], Sovremennaya zarubezhnaya psihologiya [Modern foreign psychology], 3 (8), 45-52 (2019).
2. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн Kazakstan halkyna Zholdaуy «Zhana zhagdajdagy Kazakstan: is-kimyl kezeni». [Address of the head of state Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan] [Electronic resource] (September 1, 2020). Available at: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_

of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (Accessed: 7.06.2021).

3. «Balanyн kykyktaryн korgaudy kyshejtu, tyrmystysk zorlyk-zombylykka karsy is-kimyl zhane zhasospirimder arasynda suicidtin kobeyui maselelerin sheshu zhonindegi 2020 – 2023 zhyldarga arналган zhol kartasyn» bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ykimetinин 2020 zhylgy 30 nauryzdaygy № 156 kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 30, 2020 No. 156 on approval of the» road map for 2020-2023 to strengthen the protection of children's rights, counteract domestic violence and solve the problem of increasing suicides among adolescents»] [Electronic resource]- Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000156> (Accessed: 7.06. 2021).

4. Ocenka nasiliya v otnoshenii detej v shkolah Kazahstana. Uchrezhdenie Upolnomochennogo po pravam cheloveka v Respublike Kazahstan i Predstavitel'stvo YUNISEF v Kazahstane pri podderzhke Ministerstva inostrannyh del Norvegii [Assessment of violence against children in schools in Kazakhstan. Establishment of the Commissioner for Human Rights in the Republic of Kazakhstan and the UNICEF Office in Kazakhstan with the support of the Norwegian Ministry of Foreign Affairs] (Astana, 2013).

5. World Health Organization. Growing up unequal: gender and socioeconomic differences in young people's health and well-being, International Report from the 2013/2014 [Electronic resource]. Available at: http://www.euro.who.int/__data/assets/pdf_file/0003/303438/HSBC-No7-Growing-upunequal-full-report.pdf?ua=1 (Accessed: 15.06. 2021).

6. Olweus D. Aggression in the schools. Bullies and whipping boys (Hemisphere Press, Washington, D.C., 1978).

7. Besag V. E. Bullies and Victims in Schools (Open University Press, Milton Keynes, 1989).

8. Arora S. M. J. Measuring bullying with the life in School checklist, Patoral Care in Education, 12, 11-15 (1994).

9. Hazier R. J. Breaking the cycle of violence: interventions for bullying and victimization (Washington, D.C., Accelerated Development, 1996).

10. Rigby K. What children tell us about bullying in schools, Child Aust., 22, 28-34 (1997).

11. Kwak K., Lee C. Bullying at School: Situation and Characteristics (A-San Foundation Press, Seoul, 1999).

12. Dusmanbetov G.A., Sheryazdanova H.T. Psihologiya destruktivnyh faktorov processa socializacii starshih podrostkov [Psychology of destructive factors of the process of socialization of older adolescents] (Almaty, Publishing house of the Kazakh Women's Pedagogical University, 2003, 110 p.).

13. Akazhanova T.A. Deviantologiya [Deviantology]. Study guide (Zan adebieti, Almaty, 2008, 114 p.).

14. Baizdrahmanova A.K. Sovremennye podhody k probleme izucheniya bullinga v kazahstanskoj shkole [Modern approaches to the problem of studying bullying in the Kazakh school], Uchyonye zapiski Sankt-Peterburgskogo gosudarstvennogo instituta psihologii i social'noj raboty [Scientific notes of the St. Petersburg State Institute of Psychology and Social Work], 2 (24), 169-175 (2015).

15. Yoon, J., and Bauman, S. Teachers: a critical but overlooked component of bullying prevention and intervention, Theory Pract., 53, 308-314 (2014).

16. Kochenderfer-Ladd B., and Pelletier, M. E. Teachers 'views and beliefs about bullying: influences on classroom management strategies and students' coping with peer victimization, Sch. Psychol., 46, 431-453 (2008).

17. Yoon, J. S., and Kerber, K. Bullying: elementary teachers' attitudes and intervention strategies, Res. Educ., 69, 27-35 (2003).

18. Dedousis-Wallace, A., Shute, R., Varlow, M., Murrihy, R., and Kidman, T. Predictors of teacher intervention in indirect bullying at school and outcome of a professional development presentation for teachers, Educ. Psychol., 34, 862-875 (2013).

19. Haidaraj Y. Teacher`s knowledge of bullying and their anti-bulling attitude, European Journal of Social Sciences Studies, 2 (2), 1-11 (2017).

20. Lester R., Maldonado N. Perceptions of Middle School Teachers about an Anti-Bullying Program (Knoxville, 2014, 26 p.).

21. Bauman, S., and Del Rio, A. Preservice teachers' responses to bullying scenarios: comparing physical, verbal, and relational bullying, Educ. Psychol, 98, 219-231 (2006).

22. Bauman S., Del Rio A. Knowledge and beliefs about bullying in schools: Comparing pre-service teachers in the United States and the United Kingdom, School Psychology International, 4 (26), 428-442 (2005).

23. Boulton M.J. Teachers' views on bullying: Definitions, attitudes and ability to cope, British Journal of Educational Psychology, 2 (67), 223-233 (1997).
24. Teacher, peer, and self-nominations of bullies and victims of bullying. D.L. Paulk [et al.] Paper presented at the American Psychological Association National Conference (Boston, MA. 1999).
25. Myuller Dzh. M. Nonviolence training, Journal of Child Psychology and Psychiatry, 2005.

А.Ж. Баймуханова, Ж.Е. Абдыхалыкова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Роль педагога в предупреждении и предотвращении буллинга среди подростков в общей средней школе

Аннотация. Буллинг в средней школе рассматривается как важная социально-педагогическая проблема в современном мире. Профилактика буллинга и минимизация его последствий - главная задача образовательной организации. Буллинг затрагивает различные сферы школьной жизни, т. е. чувство безопасности учащихся и учителей в целом, физическое и психологическое здоровье, качество и эффективность мероприятий, культуру школьной жизни в целом. Если вовремя не остановить буллинг в школе, он может стать элементом поведения детей и подростков и сопровождать их дальнейшую жизнь. Внимание педагога к буллингу напрямую влияет на снижение его уровня.

В данной статье раскрывается основная роль педагога в решении и профилактике буллинга. Описываются особенности восприятия педагогами встречающегося буллинга среди учащихся. Показано, какое влияние оказывает вмешательство учителя в ситуацию буллинга в общей средней школе. У педагогов выявляются трудности в распознавании буллинга, эффективном реагировании на него, а также в индивидуальной позиции в случае буллинга.

В статье дается обзор передовых зарубежных и отечественных исследований по определению роли педагога в профилактике буллинга среди подростков. Были охвачены статистические данные о распространенности буллинга в организациях образования Казахстана и других стран.

Ключевые слова: буллинг, подросток, учителя, компетентность учителя, профилактика буллинга.

A.Zh. Baymukhanova, Zh.E. Abdykhalykova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur -Sultan, Kazakhstan

An educator's role in preventing bullying among adolescents in general secondary school

Abstract: Nowadays, bullying in general secondary school is an important social and pedagogical problem. Bullying prevention and reducing its consequences is the main task of an educational organization. Bullying affects various areas of school life, i.e. the sense of security of students and teachers in general, physical and psychological health, the quality and effectiveness of activities, and the culture of school life in general. If bullying is not stopped at school, it may become part of the behavior of children and adolescents and accompany them for the rest of their lives. A teacher's attention to bullying directly affects the decrease in the level of bullying.

The article determines the main role of the teacher in solving and preventing the problem of bullying. It describes the peculiarities of teachers' perception of bullying that occurs among students. The article highlights that teacher intervention has an impact on the bullying situation in general secondary schools. It is established that teachers have difficulties in recognizing bullying, responding effectively to it, as well as in an individual position the case of bullying.

The article provides an overview of advanced foreign and domestic studies on determining the role of a teacher in the prevention of bullying among adolescents. The article includes statistical data on the prevalence of bullying in educational organizations in Kazakhstan and other countries.

Keywords: bullying, teenager, teachers, teacher competence, bullying prevention.

Авторлар туралы мәлімет:

Баймуханова А.Ж. – корреспонденция үшін автор, докторант, әлеуметтік ғылымдар факультеті, Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Абдыхалықова Ж.Е. – PhD, әлеуметтік ғылымдар факультеті, Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Baimukhanova A. Zh. – **Corresponding author**, Ph.D. student, Department of Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Abdykhalykova Zh.E. – Ph.D., Department of Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.